

**Смагулова А.Б.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Қазақстан, Семей  
e-mail: [akmaral555@mail.ru](mailto:akmaral555@mail.ru)

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ**

### **Аннотация.**

Әлеуметтік кәсіпкерлік тиісті құқықтық реттеуді және нақты мемлекеттік қолдауды талап ететін кәсіпкерлік қызметтің маңызды салаларының бірі. Еліміздің он жыл бұрын әлеуметтік-экономикалық маңызы бар стратегиялық реформаларға көшуі сөзсіз мемлекеттің тұрақты дамуы мен азаматтардың әл-ауқатының негізгі факторы болып табылады. Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалар – бұл азаматтардың өмірін жақсартудың көрсеткіші. Әлемдік тәжірибе бізге әлеуметтік кәсіпкерліктің дамытудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Экономикасы дамыған мемлекеттердің үкіметтері өз азаматтарының әлеуметтік қажеттіліктерін, барлық ықтимал тәуекелдерді бағалап, тиісті заңнаманы және кәсіпкерлерді әлеуметтік қолдаудың жұмыс істейтін тетіктерін қалыптастыра отырып, батыл бастамаларды бастарынан өткерді. Мұндай шет елдердің тәжірибесі, әрине, мемлекетіміздің стратегиялық шешімдеріне оң әсерін тигізді және Қазақстанда әлеуметтік кәсіпорындар белсенді түрде құрыла бастады. Алайда, осы сұрақтар теориялық зерттеу мен құқықтық талдауды қажет етеді, себебі еліміздегі әлеуметтік кәсіпкерлік саласында әлі шешілмеген мәселелер мен міндеттер әлі де бар.

**Түйін сөздер:** стратегия, әлеуметтік кәсіпкерлік, заңнама, құқықтық реттеу, мемлекеттік қолдау, әлеуметтік кәсіпкерлер

**Смагулова А.Б.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Қазақстан, Семей  
e-mail: [akmaral555@mail.ru](mailto:akmaral555@mail.ru)

## **Правовое регулирование социального предпринимательства в Республике Казахстан**

### **Аннотация.**

Социальное предпринимательство является одной из важных сфер предпринимательской деятельности, требующей должного правового внимания и соответствующей государственной поддержки. Переход государства десять лет назад к стратегическим реформам социально-экономического значения несомненно явился фактором устойчивого развития государства и благополучия граждан. Социальные реформы, проводящиеся в Казахстане сегодня – это показатель улучшения жизни граждан. Мировой опыт показывает нам, насколько важно развивать такой тип предпринимательских отношений как социальное предпринимательство. Правительства экономически развитых государств давно взяли на себя смелые инициативы, оценив социальные потребности своих граждан, все возможные риски, сформировав должное законодательство и работающие механизмы социальной поддержки предпринимателей. Опыт ведущих зарубежных стран безусловно позитивным образом сказался на стратегических решениях нашего государства и в Казахстане активным образом стали создаваться социальные предприятия. Однако имеются проблемы и нерешенные задачи по дальнейшему совершенствованию правового регулирования социального предпринимательства в стране, требующие теоретического исследования и правового анализа.

**Ключевые слова:** стратегия, социальное предпринимательство, законодательство, правовое регулирование, государственная поддержка, социальные предприниматели

## **Legal regulation of social entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan**

**Smagulova A.B.**  
Alikhan Bokeikhan University  
Kazakhstan, Semey  
e-mail.ru: [akmaral555@mail.ru](mailto:akmaral555@mail.ru)

**Abstract.**

Social entrepreneurship is one of the important areas of entrepreneurial activity that requires due legal attention and appropriate government support. The transition of the state ten years ago to strategic reforms of socio-economic importance is undoubtedly a factor in the sustainable development of the state and the well-being of citizens. The social reforms being carried out in Kazakhstan today are an indicator of improving the lives of citizens. World experience shows us how important it is to develop such a type of entrepreneurial relationship as social entrepreneurship. Governments of economically developed countries have long taken bold initiatives, assessing the social needs of their citizens, all possible risks, forming proper legislation and working mechanisms of social support for entrepreneurs. The experience of leading foreign countries has certainly had a positive impact on the strategic decisions of our state and social enterprises have been actively created in Kazakhstan. However, there are problems and unresolved tasks for further improvement of the legal regulation of social entrepreneurship in the country, requiring theoretical research and legal analysis.

**Keywords:** strategy, social entrepreneurship, legislation, legal regulation, government support, social entrepreneurs

**Кіріспе.**

Әлеуметтік кәсіпкерлік Қазақстан Республикасында жаңа құбылыс ретінде осыдан он жыл бұрын орын алған. Алғашқы қадам 2014 жылы Қазақстанның әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастықтарды құрумен бірге пайда болды. Бұл кезеңде мемлекеттік реттеумен қатар стратегиялық реформаларға көшу, бизнес ортаны дамыту (сондай-ақ мемлекеттік жекешелік әріптестікті құру), экономикалық тетіктерді дамыту мәселелер басым болды [1].

Әрине, қазіргі таңда жүріп жатқан өзгерістер, оның ішінде әлеуметтік мәселелер – ең бірінші адамдардың өмірін жақсартуға бағытталған. Сондықтан, заманауи экономиканы тұтынушыға қызмет ету режиміне ауыстыру қажет деп есептейміз. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бұл мақсат экономикалық қатынастардың кәсіпкерлік түріне айналды. Экономикасы дамыған елдерде әлеуметтік кәсіпкерлер үшін өте қолайлы жағдайлар жасалған, инвестициялар тарту мәселесі болсын, стартаптардың жұмысын жеңілдетіп, қайырымдылықпен айналысуға пайдасы бар негіздер жасалған. Ал Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы жоқ, кредиттік ресурстар қымбат, тіптер мұндай қызметті реттеудің заңнамалық тетіктер құрылған емес. Қазақстанда мұндай батыл бастаманы, толық жауапкершілікті сезініп, сонымен қатар нарықтық жағдайды бағалау мен және қажеттілікті ізденіспен, инвестициялау мәселелерін шеше отырып бәсекелестік тактикасын әзірлеуді талап етеді.

2021 жылдың соңында Мемлекет басшысы Қ. Қ. Тоқаев кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу қажеттілігіне байланысты, мемлекеттік басқарудың жекелеген

органдарының қызметін бөлу мәселесі бойынша заңнамаға бірнеше өзгерістер енгізу туралы Заңға қол қойды. Парламентке ұсынған әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту туралы заң жобасы 2021 жылдан бастан қолданыла бастады. ҚР заңнамалық тәжірибенің аздығы болағандықтан әлеуметтік кәсіпкерлік саласын құқықтық талдауды және одан әрі жетілдіруді ғылыми тұрғыдан жалғастыру қажет деп есептейміз.

**Зерттеу мақсаты:** әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың қазақстандық тәжірибесін талдау және әлеуметтік кәсіпкерлер мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажеттілігінің алғышарттарын анықтау. Әлеуметтік кәсіпкерлік саласына нормативтік қызмет көрсетуді зерттеу алдына келесі міндеттерді шешуді қояды: 1) әлеуметтік кәсіпкерліктің құқықтық табиғатын зерделеу; 2) осы саланы құқықтық реттеу үшін қажетті жағдайларды анықтау.

**Зерттеу тарихы.** Әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымының концепциясын алғашқы болып «Ашока» компаниясының негізін қалаушы Б. Драйтон және Барселонадағы Наварра университетінің зерттеушілері Дж. Мэйр және И. Марти ұсынды [2].

Оның тарихын бірнеше негізгі кезеңдерден көруге болады. Алғашқы әлеуметтік мәселелерді ежелгі және орта ғасыр мемлекеттерде діни ұйымдар қайырымдылықпен шешкен болатын. Кейін XIX-XX ғғ. Англия елінде кедейлік, әлеуметтік теңсіздік, еңбек теңдігі және т. б. сияқты қоғам мәселелерін шешуге тырысқан алғашқы тұтынушылар қоғамдары пайда болды. XX ғасырдағы әлеуметтік кәсіпкерліктің жарқын мысалдарының бірі кедейлерге өз бизнесін бастау үшін шағын

несие беру наұқанымен жалғасты. Қазіргі заманғы әлеуметтік кәсіпкерлік арнайы әлеуметтік бағдарламалар мен әлеуметтік кәсіпкерлік мектептерін (мысалы, Ұлыбритания елде) ашумен ерекшеленеді. Заманауи әлеуметтік кәсіпкерлер білім беру, денсаулық сақтау және өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін цифрлық платформаларды қоса алғанда, әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты технология мен инновацияны кең қолданады. Әлеуметтік кәсіпкерлік бүгінде дамып келеді және қазіргі уақытта тұрақты даму мен кедейлік, теңсіздік, жаһандық мәселелерді шешудің маңызды құралы ретінде қарастырылуда. Әр түрлі елдерде әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы өз заңдары мен нормативтік актілері қабылданды. Мысалы, Еуропалық Одақта қаржыландыру, кеңес беру және оқытуды қамтитын әлеуметтік кәсіпорындарды қолдау бағдарламасы бар. Көптеген елдерде (Ресей, Украина, Қырғызстан, Узбекистан) шағын және орта бизнес туралы заңдарында әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау шаралары қарастырылған. **Дегенмен**, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша ең жетекші орынды Канада, Австралия, Франция, АҚШ мемлекеттер алады. Жалпы, әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы тиімді заңнама экономикалық тиімділік пен әлеуметтік пайданы үйлестіре отырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге ұмтылатын кәсіпорындардың қызметін реттеуге және қолдауға бағытталуы тиіс.

Осылайша, әлеуметтік кәсіпкерлік - бұл кәсіпкерлік тәсілдер мен инновациялар арқылы әлеуметтік немесе экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған қызмет.

Қазіргі уақытта әлеуметтік қамсыздандыруға өзінің конституциялық құқығын іске асыру шеңберінде азаматтар өздерінің әлеуметтік құқықтарын қорғау мәселесімен мемлекетке жиі жүгінуде. Жоғарыдағы ақпаратты ескере отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікті құқықтық реттеудің ерекшеліктерін, жеке және мемлекеттік әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-қимыл тетіктеріне байланысты мәселелерді зерттеу қажет деп есептейміз.

**Зерттеу әдіснамасы:** осы тақырыптың зерделеуі бірнеше әдіс-тәсіл арқылы мүмкін болды. Нақтырақ айтсақ,

олар жалпы ғылыми және арнайы әдістер: тарихи, салыстырмалы-құқықтық әдіс, аналитикалық және т.б. Әлеуметтік кәсіпкерліктің құқықтық табиғатын мен шығу тарихын түсіну үшін арнайы тарихи әдіс қолданылды. Ал Қазақстан мен шет елдердегі әлеуметтік кәсіпкерліктің ерекшеліктерін және ұқсастығын байқауға салыстырмалы құқықтық әдіс пайдаланылды. Әлеуметтік кәсіпкерліктің қазіргі таңда атқарған рөлі мен мазмұнын және құқықтық реттеудің тетіктерін анықтауға аналитикалық әдіс көмектесті.

#### **Нәтижелерді талқылау.**

Әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы ХХ ғасырдың 80-ші жылдары пайда болды. 1990 жылы қарқынды даму кезеңіне өтіп коммерциялық емес ұйымдардың өсуі мен жандануына, көлік пен инфрақұрылымның дамуына байланысты осы сала қайта жаңғырды. «Әлеуметтік кәсіпкерлік» термині әлеуметтік жұмыс пен бизнестің ерекшеліктерін үйлестіретін қызмет ретінде түсіндіріледі. Бір жағынан, мұндай қызмет қоғамдық игіліктерді өндіруді, белгілі бір әлеуметтік проблеманы шешуді бірінші кезектегі мақсат етіп қояды; екінші жағынан – бизнес - жобалардың ерекшеліктері бар, яғни коммерциялық табысты және табысты болуы тиіс. Көптеген мамандар, оның ішінде заңгер - ғалымдар мемлекет үшін әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуеті зор деп есептейді [3].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп кәсіпкерлік кодекстен және бірқатар нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы нормативтік ұғым ҚР ресми нормативтік құжатында «әлеуметтік кәсіпкерлік - бұл азаматтар мен қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге ықпал ететін кәсіпкерлік қызметі» деп бекітілген [4]. Әлеуметтік кәсіпкерліктер өз қызметтерін мемлекеттік бұйрықтар шеңберінде жүзеге асырады [5], [6]. **Алайда**, бұл ресми құжатта тек қана кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормалар орын тапты, ал әлеуметтік мәселелерді шешу жолдары мен тетіктері қарастырылмаған.

Қазіргі таңда ҚР бойынша әлеуметтік кәсіпкерлердің саны 600 жетті. Ең көп

тіркелген саны Астана, Алматы, Шымкент, Қостанай қалаларында байқалады [7]. Олар әр түрлі салады өз қызметтерін сәтті атқарып жүр.

Қазақстанда осындай әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау үшін жеңілдетілген қаржыландыру, үй-жайларды беру, жұмыспен қамту бойынша өтемақылар немесе белгілі бір бағдарламалар бойынша гранттар бойынша жобалар қараластырылады. Алайда, көптеген преференциялар әзірге тек жоспарларда ғана жүзеге асырылуда, ал іс жүзінде әлеуметтік қолдау әлі де осал түрде жүріп жатыр.

Қолданыстағы заңнама жүйесінде белгіленген мәселелерді жоюға бағытталған қажетті құқықтық актілердің тапшылығы қатты сезіледі, өйткені қазіргі уақытта қолданыстағы бағдарламалар әлеуметтік салада туындайтын мәселелер мен проблемалардың шеңберін жеткілікті дәрежеде жүзеге асырмайды осы мақсаттарда негізгі мәселелерді іске асыру мәселелері бойынша «Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасы» типі бойынша құқықтық маңызы бар жеке құжат әзірлеу ұсынылады әлеуметтік саясат бағыттары мен әлеуметтік қолдаудың пәрменді тетіктері

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту - Қазақстан Республикасында Үкімет жүргізетін әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі стратегиялық бағыттарының бірі. Нарықтық реформалар жылдарында кәсіпкерлік сектор қоғамда маңызды орынға ие болды, өйткені ол жұмыспен қамту мәселелерін шешуді, нарықтық қатынастарды демократияландыруды және әлеуметтік шиеленісті жеңілдетуді қамтитын кейбір маңызды әлеуметтік функцияларды жүзеге асырды.

Жоғарыда келтірілген талаптарды қорытындылай келе әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін негізгі мәселелер мен шектеулерді бөліп көрсетуге болады:

- әлеуметтік кәсіпкерлікті басқару мақсатында мемлекет, қала шеңберінде жүйелі әдістерін өзгерту қажет;
- әлеуметтік қолдаудың мақсатты топтарын кеңейту қажет;

- әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын одан әрі қалыптастыру.

### **Қорытынды**

Осылайша, еліміздегі әлеуметтік кәсіпкерлікті жетілдіру жолдары оңай болған жоқ. Осы саланың қазіргі даму жағдайы мемлекеттік қолдау стратегиясын қайта қараудың маңыздылығы мен қажеттілігін бекітеді. Әлеуметтік кәсіпкерліктің құқықтық реттеу бағыттары салалық және жергілікті тетіктерін жалғасын қалыптасу керек. Болашақ әлеуметтік кәсіпкерлік тұжырымдамасы келесі негізгі бағыттарда құрылуы қажет: реттеудің қаржы-кредит құралдарын дамыту; әкімшілік шекаралардан және кедергілерден арылу; әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін ақпараттық қолдау; бизнес секторлар өкілдерінің әлеуметтік қозғалысын жетілдіруге көмек көрсету. Осындай жүйелі жұмыстар Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік кәсіпкерлік саласын жоғары деңгейде апара алады.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Панов С., Еспенова М., Сейфулина Л. Социальное предпринимательство. Методическое пособие. Нур-Султан. 2019
2. Қанапиянова К.Б., Рузанов Р.М. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту принциптері: шетелдік тәсілдер және Қазақстан//Экономика: стратегия и практика, № 2 (15), 2020 г. / 152-166
3. Жумадилов А.К., Майшекина Э.С. Правовое обеспечение социального предпринимательства в Республике Казахстан//Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева №2 (143) 2023 с. 126-134
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII ҚРЗ// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000052>
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық даму институттарының және өзге де ұйымдардың әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы 2023 жылғы 30 маусымдағы № 130 бұйрығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033040>
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы № 140 бұйрығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033105>
7. Әлеуметтік кәсіпкерлік: қазіргі жағдай және саланың дамуы//<https://atameken.kz/kk/news/48749-social-noe-predprinimatel-stvo-tekushaya-situaciya-i-razvitie-otrasli>

**References**

1. Panov S., Espenova M., Seifulina L. Sociálnoe predprinimatelstvo. Metodicheskoe posobie. Nur-Sultan. 2019
2. Qanapianova K.B., Ruzanov R.M. Äleumettik käsipkerlikti damytu prinsipteri: şeteldik täsilder jäne Qazaqstan//Ekonomika: strategija i praktika, № 2 (15), 2020 g. / 152-166
3. Jumadilov A.K., Maişekina E.S. Pravovoe obespechenie sosiálnogo predprinimatelstva v Respublike Kazahstan//Vestnik ENU im. L.N. Gumileva №2 (143) 2023 s. 126-134
4. Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktilerine käsipkerlik, äleumettik käsipkerlik jäne mindetti äleumettik medisinalyq saqtandyru mäseleleri boiynşa özgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2021 jylğy 24 mausymdağy № 52-VII QRZ// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000052>
5. Qazaqstan Respublikasy Ülttyq ekonomika ministriniñ Memlekettik organdardyñ, ülttyq holdiñterdiñ, ülttyq damu instituttarynyñ jäne özge de üiymdardyñ äleumettik käsipkerlikti damytu bastamalaryn qoldaudy жүzege asyru qağidalaryn bekitu turaly 2023 jylğy 30 mausymdağy № 130 büiryğy// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033040>
6. Qazaqstan Respublikasy Ülttyq ekonomika ministriniñ m.a. 2023 jylğy 17 şildedegi Äleumettik käsipkerlik subektleriniñ tızilimin жүrgizu qağidalaryn bekitu turaly № 140 büiryğy// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033105>
7. Äleumettik käsipkerlik: qazirgi jağdai jäne salanyñ damuy//<https://atameken.kz/kk/news/48749-social-noe-predprinimatel-stvo-tekushaya-situaciya-i-razvitie-otrasli>

**Автор туралы мәліметтер**

**Смагулова Акмарал Бакытказыевна**

**Лауазымы:** заң ғылымдарының магистрі, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University

**Пошталық мекен-жайы:** 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Юность көшесі 21 үй 41 пәтер

**Ұялы.тел** 87752759228

**E-mail:** akmaral555@mail.ru

**Сведения об авторе**

**Смагулова Акмарал Бакытказыевна**

**Должность:** магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин, Alikhan Bokeikhan University

**Почтовый адрес:** 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, ул. Юность 21 кв 41

**Сот. тел:** 87752759228

**E-mail:** akmaral555@mail.ru

**Information about the author**

**Smagulova Akmaral**

**Position:** master of law, Teacher of the Department of civil law disciplines, Alikhan Bokeikhan University

**Mailing address:** 071400-071417, Republic of Kazakhstan, , st Yunost number 21-41

**Mob.phone:** 87752759228

**E-mail:** akmaral555@mail.ru